

# Кеніште - жаңа технология

Еуразиялық Топ (ERG) құрамындағы «Еуроазиаттық энергетикалық корпорациясы» АҚ-ның «Шығыс» кенішінің ұжымы «№2 циклді-ағынды аршу кешені» жобасының бірінші кезеңі бойынша қорытынды жұмыстарды жүзеге асыруға кірісті.



Мердігер ұйым ThyssenKrupp AG неміс индустриалды концернінің шеф-инженерлері жуырда 2016 жылдан бастап салынып жатқан №2 ЦТАК С1 конвейер таспасының бірінші сынамасын өткізді. Үдерісті

іске қосу кезінде қадағалау жүйесі және конвейер басқару бойынша жұмыстар атқарылды. Сынамада тартылмалы құрал алғашқы рет іске қосылды. Сондай-ақ, шеткі қосқышты реттеу, конвейер тартылмалы құрал

таспасының механизм қағидасы, бас қосқыш сынақтан ойдағыдай өтті.

- С1 конвейер таспасын іске қосу - №2 ЦТАК-тың ең бірінші және маңызды қадамы. Тамыз айының соңында іске қосу кестесіне сәйкес С2 конвейері және ұсақтау құралы механизмін қолданысқа беруді жоспарладық. ЦТАК конвейерін қалыпқа келтіру жұмыстарымен қатарлас кешенді үзіліссіз электр энергиямен қамтамасыз ету үшін 35кВ электр желісі құрылысы салынууда және де 35/6 кВ модульді қосалқы станция жобасы да бар, - дейді «Шығыс» кенішінің директоры Юрий Гончаров.

№2 ЦТАК бірінші кезегін салуға жұмсалған қаражат 11,4 млрд. теңгеден асты. Бұл сомаға уатқыш қондырғы және С1, С2 конвейерлері сатып алынды.

ЦТАК бірінші кезегі өндіріс үрдісіне ағымдағы жылдың қыркүйек айында қосылмақ. Жаңа кешеннің толық өндіріс қуаты - жылына 20 млн. текше метр, яғни 2010 жылы қолданысқа тапсырылған №1 ЦТАК мөлшерінен екі есе жоғары. Мамандардың пікіріне сәйкес, №2 ЦТАК-тың іске қосылуы аршу жұмыстарының құнын төмендетеді. Еңбек өнімділігін көтеріп, көмір қабаттарын ашуға көмектеседі. Сондай-ақ, көмір өндіру көлемін және сапасын жоғарылатады.

**Елена ГАРКАВА,**  
Екібастұз қаласы.